

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат  
БАЙҚАДАМОВ:  
«ІСКЕРЛІГІ  
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:  
«ОЙ БИГІНДЕГІ  
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ





## «ӘДЕБИ ДИПЛОМАТ»

Құрметті Бақыт Төлегенұлы!

Сізді шын жүректен 60 жасқа толған мерей-тойыңызбен және айтулы күн болып табылатын шығармашылық қызметіңіздің 35 жылдығымен құттықтаймын!


Жарты ғұмырыңызды шығармашылық жұмысқа, жазушы және журналист қызметіне арнадыңыз деп нық сеніммен айтуға болады. Сіз өмір бойы қажымай еңбек етіп келесіз, жұмысыңдан бастап мемлекеттің жоғары саяси органының жауапты қызметкеріне дейінгі лайықты жолды жүріп өттіңіз. Табандылықпен жұмыс істегеніңіздің арқасында сіз өз Отаныңызда ғана емес, әлемнің көптеген елдеріне танымал болдыңыз. Әдеби дипломат деп Сізді бекер атамаған, өйткені, сіздің еңбектеріңіз АҚШ Конгресінің кітапханасында, Араб әлемінің, Қытай, Куба, сондай-ақ, Азия, Америка, Африка, Австралия және Еуропа кітапханаларында лайықты орынды иеленген. Бұл бойыңыздағы дарынның расында да шексіз екенін, оның бір мемлекеттің шекарасына сыймай, одан ары ұзап жатқанын көрсетеді. Сіздің ұмтылыстарыңыздың арқасында халықтардың арасындағы достық байланыстар нығаю үстінде, бұл Қазақстанның ғана емес, сондай-ақ, бүкіл әлемнің үйлесімде болуына және дамуына мұрындық болмақ. Жазушылықтағы және публицистикадағы табыстарыңызбен қатар сіздің ымыраластыру қызметіңіз халықаралық келісім, өзара құрмет және ынтымақтастықтың берік іргесін қалады. Келісімге келтіру қызметіңізге байланысты Қытай, Вьетнам, Біріккен Араб Әмірліктері, Катар, Сауд Аравиясы, Польша, Әзірбайжан, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей және

басқа да елдерге барған кезде Сіз Қазақстан мен оның халқының жағымды әрі лайықты бейнесін таныттыңыз.

Халықаралық деңгейдегі жазушылық және журналистік табыстарыңызға қарамастан, сіздің бойыңыздағы аса маңызды сапалардың бірі, меніңше, қазақ халқына шын қызмет етуіңіз, бойыңыздағы патриотизм дер едім. Сіз үнемі халқыңызға көмектесу үшін, оны қолдау үшін барыңызды салуға тырысасыз, сонау 90 жылдары Шымкент қаласындағы шағын аудандардың өзін-өзі басқару кеңесінің төрағасы болғанда атқарған жұмысыңыз соның айқын дәлелі. Өз шығармаларыңызда қазақ халқын дәріптейсіз, халқыңызға жанашырлықпен және құрметпен қарайсыз, бұл ісіңізге жауап ретінде Қазақстан және оның халқы да, басқа елдер де Сізді қадірлейді. Патриоттық сезіміңізді «Астана – жаңарған Қазақстанның мақтанышы және символы» атты керемет кітабыңыз растап отыр, оны Сіз маған соңғы рет кездескен кезде көрсеттіңіз. Сол кездесуде жылы қабылдағаныңыз үшін және достық қарым-қатынасыңыз үшін Сізге үлкен алғыс айтқым келеді.

Бақыт Төлегенұлы, Сіз шынайы құрмет пен мақтауға лайықты, тағдыры ерекше керемет адамсыз. Сізге шын жүректен табыс пен жеңіс, алға қойған мақсаттарыңыздың бәрін орындауға керек күш-қуат пен денсаулық тілеймін, Сіз алатын асулардың әлі алда екеніне сенімдімін.

**Құрметпен,  
Имре Ласлоцки,  
Венгрияның Төтенше және  
Өкілетті Елшісі**



### Құрметті Бақыт Төлегенұлы

Беларусь Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі ұжымының атынан және өз атымынан 60 жасқа толған мерейтойыңызға және шығармашылық қызметіңіздің 35 жылдығына арналған шын жүректен шыққан құттықтауларды қабыл алыңыз.

Еліміз сізді Беларусьтің досы, Қазақстан жазушысы, журналист, халықаралық публицист, сондай-ақ жан-жақты шығармашылық адам ретінде таниды.

Құрметті Бақыт Төлегенұлы, сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақыт, отбасыңызға амандық, сондай-ақ жаңа шығармашылық табыс тілеймін.

**Құрметпен,  
Беларусь Республикасының  
Қазақстан Республикасындағы  
Төтенше және Өкілетті Елшісі  
А.И.НИЧКАСОВ**

Астана, Наурыз 2014 жыл



### Құрметті Бақыт Төлегенұлы!

Мерейтойыңыз құтты болсын, сізге мықты денсаулық, шығармашылық табыс, өзіңізге және жақындарыңызға амандық тілеймін. Сізді өте белсенді, көпшіл, дүниетанымын үнемі кеңейтуге тырысатын адам ретінде білемін. Сіз Қазақстан халқының нағыз өкілісіз. Шетелдіктерді Қазақстанның мәдениетімен және тұрмыс-тіршілігімен таныстыру үшін барыңызды салып жүрісіз.

**Құрметпен,  
Юрис Маклаковс,  
Латвия Республикасының  
Төтенше және Өкілетті Елшісі**